

» «Ақтаңдақтар» ақиқаты

1921 жылдың қайғысы мен қасіреті

1921 жыл еліміздің тарихында қазақ ұлты үшін ең қайғылы жылдардың бірі болды. Кеңестік империя ұйымдастырған азамат соғысы аяқталғанан кейін біздің елімізді ауыр сынақ күтіп тұрды. 1921-1922 жылдары табиғаттың қаталдығы, қарсыз қыс, жаңбырсыз көктем үлкен қуаңшылық алып келді. Қазақстанның Еділ бойы аймақтарында қуаңшылықтың салдары шаруалардың, қарапайым халықтың шаруашылықтары түгілі өмірлерін жалмап кетті. Соның ішінде 20 миллионға жуық адам аштыққа ұшырады. Олардың арасында жас сәбилер тіптен көп еді, ал, ересектер түрлі ауруларға ұшырап, топ-тобымен далада көмусіз қалып жатты. Осы қасіреттің кесірінен халық санының 4/3 бөлігі кеміп кетті.

Осы көрсеткіштерге байланысты РК (Б)П Орталық Комитеті 1921 жылы 17 шілдеде партияның барлық қызметкерлеріне арнайы үндеу жариялады. Онда атап өткендей, ХХ ғасырдың басында орын алған соғыстар, капиталистердің қарапайым халыққа қысым көрсетуі, агросекторда техникалық құралдардың жетіспеуі, дәнді дақылдардың өнім бермеуі, ауыл шаруашылығы мамандарының жетіспеуі, егіс нысандарының ескілігі халықты аштыққа алып келді.

Қазақстанның да көпшілік аудандары ашаршылық құрсауында қалды. Өсіресе, Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей, Ақтөбе жерлерінде себілген астық қатты құрғақшылықтан шықпай қалды, шыққандары жазғы ыстықта күйіп кетті. Мал өсірумен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы жайылымдарда шөп шықпай қалды. Оның үстіне 1920-1921 жылдардағы ұзаққа созылған қатал қыс Торғай жеріндегі малшыларға көп шығын өкелді.

Шұбалаң, Мақара, Сарықопа және басқа жерлерде астық шықпады. Аштан өлгендердің саны күн сайын көбейіп жатты. 1921 жылдың ақпан-наурыз айларында Қостанай жерінде Исаев-Дедов аудандық Кеңесі атқару комитетінің Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесіне жолдаған есебінде аудан тұрғындарының аш екендігі, сондай-ақ, жеке-леген ауылдардың наразылық білдіріп жатқандығы айтылады.

1922 жылғы наурыз-сәуір айларында елімізді қысқан ашаршылық мүлде асқынып кетті. Қаз ОАК-нің Төрағасы С. Меңдешевтің 1922 жылғы 8 шілдеде Қаз ОАК-нің III жиналысында жасаған баяндамасында көктемгі алынған деректер бойынша аштыққа ұрынғандар саны 2,832 мың адамды құрағаны айтылған.

Ал, 1920 жылдың соңында республиканың барлық тұрғындарының саны 4 781 263 адам болды, оның ішінде 50,3%-ы –

жатты. Бүкіл елге тараған осы зұлмат аштық Қазақ АКСР-нің шаруашылық-экономикалық ахуалын дамытуға басты кедергі болды. Ол кеңестік құрылыс іргетасын шайқап қана қойған жоқ, сонымен бірге халықтың көпшілігін қайыршылыққа ұшыратқанына тарих куә.

1921 жылдың көктемінде әр ауылдық Кеңесте көктемгі егіс жұмыстарын ойдағыдай өткізу үшін арнайы комиссиялар құрылды. Аштық жайлаған Торғай тұрғындарына аймақтық азық-түлік комитеті тарапынан 50 мың пұт астық және көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге тұқым қорынан 500 пұт астық бөлінді.

1921-1922 жылдардағы аштықтан қазақ отбасыларының 4/3 бөлігі қырылды. Аман қалғандары шетелдерге босып кетті. Қазақстандағы ашаршылық ұлт зиялыларын бей-жай қалдырмады. Барлығы қолынан келгенінше халықтың аман қалуын тілеп, жоғары өкімет органдарына хат жолдап, көмек сұрады. Өздері елді аралап, ашыққандарға арналған асханалар ашып, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге бар күштерін жұмылдырды, сөйтіп қазақ ұлтының түгел қырылып кетпеуіне себепкер

1921-1922 жылдары аштыққа ұшырағандар тізімі (мың есебімен):

Айлары	Орынборда	Оралда	Ақтөбеде	Ақмола
1921 жыл	3044 (210.7)	112 (39)	1112 (1.010)	250 (172)
Қараша...				
Желтоқсан	947 (2.022)	947 (481)	749 (1.642)	224 (184)
1922 жыл	2.241 (1908)	813 (503)	1.050 (981)	483 (350)
Қаңтар...				
Ақпан	770.3 (625)	850 (545)	1.438 (138.9)	105.0 (730)
Наурыз	520.1 (378.5)	868 (13.9)	712 (602)	103.1 (150.9)
Көкек	433.3 (340.1)	712 (602)	630 (530)	226.0 (502)
Мамыр	347.9 (270.0)	536 (418)	548 (474)	704 (502)
Маусым	682 (376)	338 (57)	505 (430)	57 (17)
Жыны	2.957 (2.253.5)	5.178 (3.3.003)	7804 (70.58)	6659 (4955)

(жақшаның ішіндегі – өлген адамдардың саны)





Бірқатар аймақтарда шаруалар арасынан мемлекеттік тапсырыс бойынша жиналған астықты рұқсатсыз бөліп алған фактілер көрсетілді.

Мәселен, Дмитриев селосының екі жүзге жуық әйелі көршілес аймақтардан қосылған әйелдермен бірігіп, жиналған астықты Орынбор астық қоймасына тапсыруға ашық қарсылық көрсеткен. Ал, Васильев селосының тұрғындары бір үзім нан мен мал азығы төңірегінде күн сайын қызу айтыс ұйымдастырып отырған. Өкімет өкілдерін жергілікті шаруалар «бізге астық беріңіздер, олай болмаған жағдайда, біз аштан қырыламыз» деген айқаймен қарсы алды. Никольск селосының тұрғындары сол кезде көктемгі дән себу науқанына сақталған астықтың тұқымын өзара рұқсатсыз бөліп алды.

1921 жылдың күзіне қараған уақытта Қазақ АКСР-нің тұрғылықты жеті аймағы, оның ішінде Орынбор, Ақтөбе, Қостанай, (оңтүстік аймақтар: Сырдария және Жетісу аймақтарын тізімге алмағанда) және Адай тұрғындары аштыққа ұшырады. Жұқпалы ауруға шалдыққандар саны күн санап есіп жатты. Оның ішінде сүзек, тырысқақ, оба аурулары халыққа аса ауыр тиді.

Аштық пен қайыршылық, эпидемия, аймақтардағы аурухана-

лардың жетіспеуі салдарынан ел қырыла бастады. Мысалы, Қостанай аймағында аурулардың 75 пайызға жуығы көз жұмды. Республиканың Денсаулық сақтау халық комиссариатының деректері бойынша Орынбор, Орал, Ақмола және Ақтөбе аймақтарында 1921 жылдың 1 қарашасы мен 1922 жылдың 1 шілдесі аралығындағы есеп бойынша 37 657 адам осы ашаршылық пен жұқпалы аурулардың құрбанына айналды. Аштық пен ауру-сырқау Қазақстанның басқа да аймақтарын айналып өтпеді. Сол кезде Тарғын-Бөкей аймақтарында атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған Х.Д. Чурин мынадай естелік қалдырды: «1921-1922 жылдар арасында, әсіресе, қыс айында біз таңғы сағат 5-6-лар шамасында, күн сайын ондаған адамның өліктерін жинайтынбыз».

Ата-анасы кез жұмып, қараусыз қалған балалардың 50-60-ын күн сайын жергілікті өкімет органдары балалар үйіне орналастыратын.

1921 жылдың 1 желтоқсанында қараусыз қалған аш-жалаңаш балалар саны Қазақ АКСР-нің есебінде 128 мыңды құраса, осы жылдың соңында бұл көрсеткіш 158 мыңға, ал, 1923 жылғы 1 наурызда 408 мыңға жеткені дәлелденіп отыр.

қазақтар, 31,2%-ы - орыстар, 14,4 %-ы украиндар еді. Қазақстан Республикасында 1922 жылдың наурыз және сәуір айларындағы деректер бойынша, Семей жеріндегі тұрғындарды қоспағанда, алты аймақ тұрғындарының 68,2 пайызы аштыққа ұшырады. Кейбір аймақтарда ашыққандар саны орта көрсеткіштен де асып кетті. Мәселен, Орал аймағында 99%, Орынбор аймағында 80,3%, Қостанай аймағында 74,5% адам аштықтың құрсауында қалды. Бөкей аймағында бұл көрсеткіш 29,5%, Ақмола аймағында 40,2 пайызды құрады.

Қазақстанның солтүстігі мен батысындағы аштық пен құрғақшылықтан зардап шеккен аймақтарда мал саны күрт азайды. Тек Қостанай аймағында ғана 1920 жылмен салыстырғанда 1922 жылы жылқы саны 63 %-ға, ірі қара (сауын мал) 50%-ға, ұсақ мал 65%-ға азайып кетті. Егіс алқабы 62 пайызға қысқарды.

РК(б) П Қостанай аймақтық комитеті мен бақылау комиссиясының есебі бойынша еліміздегі аштық жайлаған аймақтарда тұратын тұрғындар жан сауғалап өз өріктерімен оңтүстікке – Түркістанға, шығысқа – Ақмола және Семей аймақтарына ауа көшті. Еділ бойының тұрғындары Орынбор және Түркістан аймақтарына қарай ығысты. Мұның өзі Қазақстандағы жағдайды одан әрі қиындатып жіберді.

Орта Азияның көршілес республикаларынан босып келген аш адамдарының толассыз ағыны астығы жақсы деп есептелген Ақмола және Семей аймақтарында ашыққан халық санын тіпті көбейтіп жіберді. 1922 жылдың наурызында ашыққандар саны 472 мың адамды құрады. Бұл көрсеткіш 1921 жылғы барлық тұрғындардың жалпы санынан сәл ғана кем еді. Республиканың ашаршылық өршіген аймақтарында халық азық-түлік қорындағы болмашы астықты талаумен күн өткізіп

болды.

Ұлт қамын ойлаған зиялылар мен жекелеген аймақтардың көрсеткен көмектері арқасында адамдардың біраз бөлігі аман қалды. Ұлт болашағы мен ел қамын ойлаған қазақ зиялылары 1937 жылы жаппай қуғынға ұшырады. 1988 жылға дейін оларды ақтап шығуға мүлдем рұқсат берілмеді. Тек 1988 жылдан бастап осы зиялы қауым өкілдерінің еліміз үшін жасаған жақсылықтары ақталған құжаттар арқасында белгілі болып отыр.

Халқымыздың асыл перзенттерін ақтау жөніндегі комиссия жетекшісі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің директоры, профессор Әлібек Сейдехан Нұрмаханұлының жетекшілігімен саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі, сондай-ақ, 1939-1945 жылдары Германия, Финляндия және басқа да Еуропа елдерінде қамауға алынған қазақстандық әскери тұтқындарды, «Түркістан легионында» уақытша болған қазақстандық әскери тұтқындарды ақтау бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

XX ғасырдың басындағы қазақ елін жайлаған ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін, жазықсыздан жапа шеккен әскери тұтқындардың азапты өмірі туралы мәліметтерді зерттеп, саралап, өз ойымызды ақпарат құралдарына жариялап, жоғарғы курс студенттеріне және жаңадан оқуға түскен колледж оқушыларына тарихи маңызын түсіндірудеміз. Бүгінгі ұрпақ мұның бәрін білгені жөн. Қаншама азапты жолдан өткен қазақ елінің тарихы, «ақтаңдақтар» ақиқаты ұрпақ жадында сақталуы тиіс.

**Н.ДОСЫБАЙ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті колледжінің
Қазақстан тарихы
пәнінің оқытушысы,
саясаттанушы,
магистр үздігі.**